

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

СТУДЕНТТИҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

# Пародонт ауруымен ауыратын балаларды емдеуде физитерапиялық әдістерді қолдану



Орындаған: Ходарова Б.Б.  
Факультет : стоматология  
Тобы: 003-1  
Курс: 5  
Тексерген: Онайбекова Н.М

# Жоспары



I Кіріспе

II Негізі бөлім

1. Физиотерапиялық әдістердің түрлері.
2. Физиотерапиялық әдістердің сипаттамасы.
3. Балалардағы пародонт ауруын физиотерапиялық емдеудегі қателіктер.

III Қорытынды

IV Қолданылған әдебиеттер

# Кіріспе

Балалардағы физиотерапиялық ем физикалық факторлардың организмге емдік әсеріне негізделген: (ауа, су, күн, физикалық жүктеме). Бұл нейрогуморальді және рефлекторлы механизмдерге әсер ете отырып, пародонт тіндеріндегі қалыптасу процесін тұрақтандырып, зат алмасуды қалыптастырады, тіндердегі трофиканы жақсартады, жергілікті иммунитетті күшейтеді.

# Физиотерапиялық әдістер:

- Дәрілік электрофорез;
- Флюктуоризация
- Ультрадыбыс;
- Массаж
- Лазермен емдеу;
- УФО;
- Вакуум-терапия;

# Дәрілік электрофорез

Электрофорезде дәрілік иондар төменгі толқынды тұрақты тоқ (30-80 В) төменгі күшпен (50 мА дейін) тіндерге енгізеді. Электрофорез жүргізуде витаминдерді, ферменттерді, кальций және фтор препараттарын, анальгетиктер, гепарин қолданылады. Электрофорез эффектісі дәрілік заттың қасиетіне және тұрақты токтың қызмет ететін аумағына байланысты.

**Терапиялық әсері:** қанайнаруды жақсартады, лимфа айналымын ынталандырады, қоректену үрдістерін белсендіреді, тіндердегі АТФ-ті ұлғайтады, лейкоциттердің фагоцитарлы белсенділікті көтереді, антиденелер бөлінуін күшейтеді,

Қолданылатын аппараттар: Поток-1, ГР-2, ГЭ-5-03, АГН-32, АГП-33.  
Жас шектеуі: туғаннан кейін 2 аптадан кейін.

Гипертрофиялық гингивитте склероздаушы әсер көрсету үшін гепаринмен, 10% кальций хлоридінің ерітіндісімен электрофорез қолданады. Созылмалы жайылмалы пародонтитте қабынуға қарсы әсер көрсету үшін 25% террилитин, лизоцим ерітінділерін, 10% ацетилсалицил қышқылын сулы ерітіндісін (10% натрий бикарбонатының сулы ерітіндісін қосып) қолданады. Бұл кезде қызылиек электродтарын қолданады: ток күші 5 мА дейін, әсер ету ұзақтығы – 20 мин, ем курсы – 10-12 процедура. Препарат анодпен енгізіледі.

**Қолдануға көрсеткіштер** идиопатикалық аурулары мен пародонтомалардан басқа пародонттың барлық ауруларына қолдануға болады.

**Қарсы көрсеткіштер:**

- жаңа түзілістер
- жедел-қабынбалы және іріңді үрдістерде (экссудат пен іріңнің шығуы болмағанда);
- қанның жүйелі ауруларында;
- жүрек-қантамыр жүйесінің декомпенсациясында;
- тері жабындысының сезімталдығының бұзылыстарында;
- тоқты көтере алмау;
- токсикалық жағдайларда.

## Флюктуоризация

Амплитудасы және жиілігі 100 ден 2000Гц дейін кезексіз ауысатын синусоидалды айналмалы токпен емдік әсер ету әдісі. Аппарат АСБ-2 флюктуоризациялық токтың 3 түрін қолдануға мүмкіндік береді:

- екі полярлы айналмалы флюктуоризациялық ток;
- бір полярлы басым екі полярлы айналмалы ток;
- Түзу бағыттағы бірполярлы флюктуоризациялық ток.

Бұл әдіс қабынуға қарсы, ауру сезімін басушы, сорушы, регенерациялық әсер көрсетеді.

**Көрсеткіші:** орташа ауырлықтағы және ауыр дәрежедегі созылмалы жайылған пародонтиттерде (пародонт тіндерінен ірің аққан)

**Қарсы көрсеткіштер:**

- Жаңа түзілістер;
- Жүрек-қантамыр ауруларында;
- Токты көтере алмау

Процедураны ток тығыздығы бойынша (мА/см), процедура саны (6-8 ден 15 дейін)бойынша мөлшерлейді.

Ем ұзақтығы; 15 мин дейін. Ф-ны УВЧ-терапиямен, УФО, СВЧ-терапиямен біріктіруге болады.

# Ультрадыбыс

- Бұл толқын тәрізді таралатын орта бөлшектерінің механикалық қозғалыстары. Төмен жиілікті ультрадыбыс тістің қатты шөгінділерін алуға қолданылады. Аппараттар: “Ультрастом”, “Пьезон-Мастер 400”, “Вектор” т.б. Жоғары жиілікті ультрадыбыс қабынуға қарсы, жансыздандырушы, сорушы, десенсибилизациялық әсер көрсетеді. УЗ-Т5, УЗТ-102 аппараттарының көмегімен тіндерге дәрілік заттарды енгізуге болады (ультрафонофорез). Ультрафонофорез үшін емдік заттардың сулы немесе майлы ерітінділерін қолданады.




Вектор құралы





- Тіс шөгінділерін алу жүйесі SIROSONIC SIEMENS (Германия) және PROPHYFLEX KAVO (Германия).
- Қызылиек емінде қолданылатын HUMANCHEMIE (Германия) препараты.
- 10-12 қабылдауда, 30 минуттан жүргізіледі, жалпы курсқа Ресейде 25000-35000 рубль (125000-175000 тенге)



# УКС

Сәулеленуді 1 биодозадан бастайды, келесі әр сәулеленуде 1 биодозадан көбейтіп отырады. Ем соңында 4 биодозаға дейін көбейтеді. Жалпы ем курсына 4-6 сәулелену тағайындайды.

УКС-ні арнайы тубус аппаратымен ОН-7, ОКУФ-5М немесе ауыспалы сәулелендірумен, кеңейтуші – айналар көмегімен қызылиекті ашып жүргізеді. Ем курсына 5-10 әсер тағайындайды, әр күн сайын немесе бір күннен соң.

## Массаж

Пародонтологияда әр түрлі массаждың түрлері : инструментальді , вибрационды , вакуумды , гидромассажды , саусақты массажды қолданады. Массаждың нәтижесінде түрлі рецепторлар тітіркеніп күрделі рефлекторлы реакцияларды шақырады .Солардың арқасында массаж пародонт тіндеріндегі қан және лимфа айналымына , зат алмасуға және жүйке жүйесіне әсер етеді .

**Көрсеткіші:** пародонттың созылмалы қабыну ауруларында, пародонтозда. **Қарсы көрсеткіші:** жедел қабынбалы ауруларда, әсіресе пародонт қалталарынан ірің бөлінгенде.

Лазермен емдеу ыңғайлы және науқастарға жағымсыз әсер етпейді. Қысқа уақытты импульстер нерв талшықтарының тітіркендіруін тудырмайды. Сондықтан ем кезінде ауырмайды. Сонымен қатар, лазер термиялық реакция тудырмайды, яғни бор қолдану кезіндегі тістің қатты тіндерінің қызып кетуін болдырмайды. Осыған байланысты лазерлі технология ең кішкентей науқастарға қолдануға өте тиімді. Жансыздандырусыз жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Лазермен ауыру сезімсіз емдеудің ерекшелігі – жансыздандыруды қолданбау немесе жансыздандыратын препараттарды өте аз мөлшерде қолдану. Осы қасиеті, анестетикті көтере алмайтын немесе аллергиясы бар науқастарға қолдану өте маңызды. Қан тоқтату қасиеті де бар. Лазердің майда капиллярлардың өзін жабыстырып, қанағуды болдырмайды. Бұл қасиет гемофилиямен ауыратын және қан ұю жылдамдығы төмен науқастарға қолдану маңызды.

Пародонтитті емдеу кезінде ол патологиялық қалталардағы микрофлораны тиімді жойып, қызылиектің қабынған және инфицирленген тіндерін алып, жұмсақ тіндерді сауықтыруға септігін тигізеді. Лазердің қабынуға қарсы, антибактериалдық тез жазылуын ынталандыратын, регенерациялық қасиеттерін байқауға болады. 2-3 қабылдауда емдеп бітіруге болады.

# «Doctor Smile» диодты лазері

- «Doctor Smile» диодты лазерін тек пародонтологияда ғана қолданып қоймай, хирургиялық стоматологияда, тісжегінің асқынған түрлерінде, тісті ағартуда қолдануға болады. Балаларға 17 жастан бастап жүргізген дұрыс.
- **Өзінің ерекше қасиеттеріне байланысты:** пародонтитті хирургиялық емес (кюретаж) және хирургиялық емге, имплантаттарды ашуға, жүгеншелердің коррекциясына қолданады.



© [www.stomlaser.ru](http://www.stomlaser.ru)







## ● Балалардағы пародонт ауруын физиотерапиялық емдеудегі қателіктер:

Қарсы көрсеткіштері бола тұра физиотерапиялық емді қолдану;

- Ем-шараның әдісінің техникасының дұрыс жүргізілмеуі;
- Емдік физикалық факторларды рационалды емес және оптималды емес біріктіру
- физиотерапиялық полипрагмазия;
- Физиотерапиялық ем-шараларды уақытылы тағайындамау;
- Қосалқы ауруларын дұрыс бағаламау;
- Физикалық факторларды комплексті емде жеткіліксіз қолдану.

# Қорытынды

Гингивиттерді емдеуді жергілікті тітіркендіруші факторларды жоюдан, тістерін дұрыс тазалаудан, гигиена заттарын дұрыс таңдаудан бастау керек.

Пародонтит – тісті жоғалту тәрізді жағымсыз нәтижелерге алып келетін ауру болғандықтан, оны болдырмау шараларын жүргізу қажет. Ауыз қуысының жақсы гигиенасы, қатты тағамның жеткілікті мөлшері, зиянды әдеттердің болмауы және уақытында дәрігер-стоматологқа қаралу – балалардағы пародонт тіндерінің қабыну үрдістерінің профилактикасының маңызды аспектілері болып табылады.

# Қолданылған әдебиеттер:

- [http://bone-surgery.ru/view/fizioterapiya\\_v\\_kompleksnom\\_lechenii\\_zabolevanij\\_parodonta/](http://bone-surgery.ru/view/fizioterapiya_v_kompleksnom_lechenii_zabolevanij_parodonta/)
- <http://www.bioncidentis.ru/lazernoe-lechenie-parodonta>
- <http://multiportal.biz/fizioterapiya-pri-zabolevaniyah-paradonta.html>
- Журнал «Ассоциация Лазерной Стоматологии России» 2010

● Назарларыңзға  
рахмет

БҰХИМЕТ

● Назарларыңзға

